

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

15-сабақ

Тақырып: Жеңіс стратегиясын құру

Сынып жұмысы

1. Үстел үстінде екі үйменің біреуінде 100 дана, ал екіншісінде 150 дана асықтар жатыр. Екі ойыншы осы үйменің қалағанынан бір асықты кезектесіп алуда. Жүрісті жіберуге болмайды. Соңғы асықты алған ойыншы ұтқан болып есептеледі. Қай ойыншы жеңіске жетеді?
2. Екі оқушы мынадай ойын ойнауда: біріншісі екі таңбалы санды атайды, екіншісі оған қандай да бір таңбалы санды қосады; шыққан санға біріншісі тағы да бір таңбалы санды қосады және т.с.с. 100 саны шыққанша қосады. Дұрыс ойнағанда қайсысы жеңіске жетеді: біріншісі ме немесе екіншісі ме? (100 саны шығатын санды қосқаны жеңіске жеткен болып есептеледі).
3. Үш үйімде 10, 15 және 20 тас бар. Әр қадам сайын ойыншы тас үйіндісінің бірін таңдап, оны екі үйіндіге бөле алады. Кім қадам жасай алмаса сол жеңіледі. Осы ойынды екі ойыншы ойнаса кім жеңеді? Үш ойыншы ойнаса ше?
4. Бір түзу бойына 2023 фишка қойылған. Әр қадам сайын ойыншы бастапқыда көрші болған екі фишканы, немесе кез-келген бір фишканы алуына болады. Кім қадам жасай алмаса сол жеңіледі. Осы ойынды екі ойыншы ойнаса кім жеңеді?
5. Шеңбер бойына 2023 фишка қойылған. Әр қадам сайын ойыншы бастапқыда көрші болған екі фишканы, немесе кез-келген бір фишканы алуына болады. Кім қадам жасай алмаса сол жеңіледі. Осы ойынды екі ойыншы ойнаса кім жеңеді?
6. Екі бала 6×8 торкөзді шоколад плиткасын, түзу бойымен кезек-кезек бөледі. Кім бөле алмаса сол жеңіледі. Кімде жеңіс стратегиясы бар?
7. Өлшемі 2023×2024 торкөзді тақтаға, екі ойыншы кезек-кезек офицерді (диагональ бойынша жүретін шахмат фигурасы) орналастырады. Орналастырылған фигуралар бірін-бірі жемеуі керек. Кім өз фигурасын орналастыра алмаса сол жеңіледі. Кімде жеңіс стратегиясы бар?
8. Үстел үстінде 12, 17 және 30 теңгелік монеталар жатыр. Және банкирде кез-келген номиналды монета бар. Әр қадамда үстел үстіндегі кез-келген монетаны алып, банкирден өз қалауы бойынша ұсақтап алуына болады. (ең кіші монета 1 тг). Кім ұсата алмаса сол жеңіледі. Екі ойыншы болса, кімде жеңіс стратегиясы бар?
9. Бақыт пен Қуаныш кезек-кезекпен 2025 ұяшықтан тұратын жолақты бояйды. Әр жүрісте әлі боялмаған ұяшықтардың біреуін қызыл, сары немесе жасыл түстердің біреуіне бояуына болады. Барлық 2025 ұяшық боялып біткен соң, кез-келген ретпен қатарынан үш түрлі түске боялған ұяшықтар табылса, Бақыт жеңеді, ал табылмаса – Қуаныш жеңеді. Кімде жеңіс стратегиясы бар?